

"Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 328 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 желтоқсанда № 5263 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 80 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 20.05.2016 № 80 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Ыбраев

Әкімдіктің
2014 жылғы 24 қарашадағы
№ 328 қаулысымен бекітілген

"Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер
 1. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің тұлғасында мемлекет болып табылады.

3. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

4. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

"Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі басшымен бекітілген аппараттың жұмыс регламентіне сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

6. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

8. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

9. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111804, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ершовка ауылы.

11. Мемлекеттік органның толық атауы - "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы,
негізгі міндеттері, функциялары,
құқықтары мен міндеттері.

15. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

16. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастырын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процестерді басқару;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық принциптерін өмірге енгізу, демократиялық әдістермен мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, азаматтардың құқықтық саналылығының деңгейін және елдің қоғамдық-саяси өміріндегі белсенді азаматтық ұстанымдарын арттыру;

5) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

17. Функциялары:

- 1) ақпараттарды жинауды, өндөрді жүзеге асыру және ауылдық округ әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық–талдау материалдармен қамтамасыз ету;
- 2) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;
- 3) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат қуралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық актілерді жариялау;
- 4) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жай–күйіне және орындаушылық тәртібіне талдау жүргізу;
- 5) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, семинарларды, құқықтық жалпы оқытуды және басқа да іс-шараларды өткізу;
- 6) ауылдық округ әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;
- 7) заңнаманың сақталмағандығы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану;
- 8) әкімнің шығарған актілерін тіркеуді жүргізу;
- 9) әкімнің актілерін тиісті дәрежеде ресімдеуді және таратуды қамтамасыз ету ;
- 10) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде іс жүргізу жоспарларына сәйкес жұмысты ұйымдастыру;
- 11) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарau;
- 12) азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыру;
- 13) мемлекеттік тілді кең қолдануға бағытталған шараларды қабылдау;
- 14) жұмыстың тәсілі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық технологияны енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 15) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариалдық іс–әрекеттерді жүзеге асыру;
- 16) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, жеке және занды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;
- 17) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;
- 18) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу;
- 20) құзыретіне кіретін мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде жеке және занды тұлғаларға көрсетілетін Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 21) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асыру.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) осы Ережемен қарастырылған негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрауға және алуға құқығы бар;

2) мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауылдық округ әкімімен жүзеге асырады.

20. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкілеттігі:

1) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мұддесін мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда ұсынады;

2) "Ұзынкөл ауданы Ершов ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені әзірлейді, Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппаратының құрылымы мен штаттық санын бекітуге аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;

3) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

4) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындауды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

6) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар

береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;

7) ауылдық округ әкімімен қабылданған шешімдер мен өкімдердің орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрлармен жұмысты ұйымдастырады;

9) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

10) "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іссапарларға жібереді;

11) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

12) нормативтік құқықтық актілер, бағдарламалар және басқа да құжаттардың жобаларын дайындау үшін жұмыс топтарын құрады;

13) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асырады;

14) өз құзыретінің шегінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес жүргізеді;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органдың

мұлкі

22. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болу мүмкін.

"Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта

ұйымдастыру және тарату

25. "Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖКРМК